

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

Қазақ хандығының саяси-әлеуметтік құрылымыЖАРИЯЛАНДЫ
15.06.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/76913/>

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Қазақстан халқының және қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихы Колледж: М.Тынышбаев атындағы ҚазККА Ақтау көлік колледжі
Күні: 22.11.2019 ж Мұғалімнің аты-жөні: Абылаева Ж.Д.

Тобы: ЭИР 9/19-01 Қатысқандар: Қатыспағандар:

Сабақтың тақырыбы Қазақ хандығының саяси-әлеуметтік құрылымы

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) XV – XVIII ғ.ғ Қазақ хандығы қалыптасып, оның басқару жүйесі, ұлыстың құрылымын, әкімшілік-құқықтың нормалары қалыптасып, сот жүйесі қатынастарды ажырата алу.

Сабақтың мақсаты • Барлық білім алушылар: Ортағасырлық мемлекеттерде басқару жүйесінің, әлеуметтік құрылымының ерекшеліктерін түсінеді, сұрақтарға жауап береді.

• Білім алушылардың басым бөлігі: Қазақ хандығының басқару жүйесін, сот жүйесін, салықтар мен міндеткерліктерді анықтап, қазақ мемлекетінің қалыптасуына қосқан еңбектерін ажыратады, себептерін түсіндіре алады.

• Кейбір білім алушылар: Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңының мақсатын талдайды.

Бағалау критерийі 1. Мәтінді мазмұнымен толық танысады.

2. Мәтін мазмұнын бірнеше бөліктерге бөледі.

3. Әр бөлімге тақырып қояды.

4. Қазақ хандығының ішкі жағдайларына түсінік бере алады.

5. Қазақ халқының заңдарының ерекшеліктерін ажыратады.

6. ҚР-ның саяси-әлеуметтік құрылымына баға береді.

Тілдік мақсаттар

Студенттер орындай алады: Студенттер мәтінмен нақты ақпаратты анықтайды, ерекшеліктерін ажыратады.

Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Ұлыс, Би, Зекет, Хараж, Тағар, Ақсүйек, «Жеті жарғы»

Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: Басқару жүйесі, әкімшілік-құқық, билік жүргізу құқығы, міндеткерлік түрлері.

Талқылауға арналған сұрақтар:1. Қазақта хан сайлау дәстүрінің ерекше рәсімі

- қандай? Осындай хан сайлау дәстүрі басқа қандай халықтарда бар?
2. Қазақ хандығындағы иерархиялық биліктің сатыларын түсіндіріңдер.
 3. XVII-XVIII ғасырлардағы меншік құқығының түрлері туралы әңгімелеп беріңдер.
 4. Қазақ мемлекетіндегі билер институтының рөлі қандай болды?
 5. Тәуке ханның билікке келуі және елдегі өзгеріс туралы баяндау
 6. «Жеті жарғы» — қазақ мемлекетінің бірінші төл «заңы»
 7. Дала заңын шығарған қазақ хандарын ата ?
 8. Құрылтайда қаралатын мәселелер?

Не себепті деп ойлайсыз? Қазақ хандығының бөлінуіне не себеп болды деп ойлайсыз?

Ишара: қол соғу, мақұлдау.

Құндылықтарға баулу

Патриоттылыққа және азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу.

Пәнаралық байланыс Құқық негіздері, география, саясаттану

Тақырып бойынша алдыңғы білім

Қазақ хандары

КМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.